**«Шығыс Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы» ММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат**

| № р/с | Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері | Енгізілген ұсынымдар | Орындалуы туралы мәліметтер / Қабылданған шаралар (Шешім) |
|---|---|---|---|
| 1 | Персоналды басқару бағыты бойынша: Басқармада бос жұмыс орындарының салдарынан кадрлар тапшылығы және қызметкерлердің жоғары тұрақсыздығы байқалады. | — Жоғары және орта арнаулы оқу орындарымен өзара іс-қимыл жасау арқылы білікті кадрларды тарту бойынша жұмысты күшейту;<br><br>— Мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыру бойынша тұрақты түрде түсіндіру және имидждік жұмыстарын жүргізу;<br><br>— Қызметкерлерді материалдық және материалдық емес ынталандыру мүмкіндігін қарастыру. | 2026 жылғы 02 қарашадағы №1 хаттама орындалды (Қабылданған шешімдер):<br>1. Мемлекеттік қызметке конкурстар жарияланды. Қазіргі уақытта Басқармада ұзақ мерзімді бос лауазымдар жоқ.<br><br>2. Бірқатар имидждік іс-шаралар өткізілді, бос лауазымдарға ішкі және сыртқы конкурстарды өткізу мерзімдері оңтайландырылды.<br><br>3. Лауазымды тұлғаларды материалдық көтермелеу мәселесі пысықталды, артық жұмыс жүктемесі қайта бөлінді. |
| 2 | Мемлекеттік сатып алу саласы: Мемлекеттік сатып алу кезінде бәсекелестікті шектеу және бір көзден сатып алу болуы мүмкін. Бұл бюджет қаражатын тиімсіз | — Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде ашықтық пен бәсекелестік қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету; | 2026 жылғы 02 қарашадағы №2 хаттама орындалды (Қабылданған шешімдер):<br>1. Ашық конкурс және баға ұсыныстарын сұрату мемлекеттік сатып алудың басым |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | пайдалану қаупіне әкелуі ықтимал. | | тәсілі болып айқындалды.<br><br>Негізсіз бір көзден сатып алу тәжірибесі алынып тасталды, техникалық ерекшеліктер бәсекелестікті шектеуге жол бермеу үшін заңнамаға толық сәйкес келтірілді. |
| | | — Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту және түсіндіру жұмыстарын жүргізу. | 2. Конкурстық комиссияның барлық мүшелері үшін «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының нормаларын түсіндіру бойынша ішкі семинарлар ұйымдастырылды және өткізілді. |

**Басқарма басшысы** **Р. Жампеисов**